

ӨОЖ 82:316.3
FTAXP 16.21.55
DOI 10.37238/1680-0761.2021.83(3).8

¹Қыдыршаев А.С., ²Әжіғалиев М.Қ., ¹Қажымова Қ.Р.,
³Қыдыршаев О.А., ¹Мәлікова М.М.

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан
²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан
³Орал қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Орал, Қазақстан

*Корреспондент авторы: kdirshaev_abat@mail.ru

E-mail: kdirshaev_abat@mail.ru; Marat_ajigaliev@mail.ru; kkr_1980@mail.ru;
Uralsk_abatovich@mail.ru

ШЕШЕНДІК ДӘСТҮР – ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ТҰНБАСЫ

Аңдатпа. Мақалада ұлттық шешендік дәстүр рухани құндылық тұрғысында таразыланады. Халық даналығының ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы ретінде шешендік сөздері даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері форматында қарастыра келе, шешендік сөздер ділмәр адамдардың әр кезде түрлі жағдаяттарға байланысты тауып айтқан, нысанына да дәп тиіп жататын ұтымды, өткір, ақылды да гибратты өсиет сөздері үлгісінде пайымдалады. Қазақтың көне тарихындағы, көркем әдебиетіндегі шешен-билерді (Майқы, Кетбұға, Асан қайғы, Жиренше, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым) түгел түптеп білу, мұраларына үңілу, керегінше пайдалану да жас көшбасшыға қажетті қағида екені баса шертіле дәлелді сипатталады. Бүгінгі Ұлы Дала елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесінің аса өзектілігі таратыла баяндалады. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында шешен сөйлеу мәдениетіне баулудағы алғы меженің бірі теориялық және қолданбалы пән ретінде шешендіктану турасында жүйелі ұғым қалыптастыру, түсінік беру сипаты талданады. Риторикалық мәдениет шешен сөйлеудің басты дағдысы делініп, сөйлеу әрекетінің табиғатын философиялық-дидактикалық тұрғыдан тану риториканы білім мен білік, дағды жинақтайтын ерекше ілім ғана емес, осының негізінде мәдениеттің тұғырлы құндылықтарына қол жеткізу арқылы риторикалық мәдениет биігіне көтерілу тұрғысында бағалауға жетелері түйінделеді. Нәтижеде әрбір жас атаулыға қажетті риторикалық мәдениетті бойға жұғысты етуге септесер кешенді тұжырымдар ұсынылады.

Кілт сөздер: сөз құдіреті; логикалық тұжырым; философиялық толғаныс; нақыл сөз; шешендік сөз; қанатты сөз; шешендіктану; көшбасшылық; риторикалық мәдениет; философия; монографиялық зерттеу; феномен; интеграцияланған пән; шешен сөйлеу мәдениеті.



Kipicne

Түркі әлемінде де, Ұлы Дала елінде де, еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына мирас болып қалған құнды ойлардың күллісі сөз құдіреті арқылы берілетіні мәлім. Ал даналар дүниеге келтірген құндылықтардың бірден-бір заңды мұрагері – сол халықтың өзі. Демек, халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Олай болса, халық даналығы – тілінде. Тексіздік – тілсіздіктен. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ендеше даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөз, шешен сөз, өсиет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

Жақсы сөз – жарым ырыс. Жақсы сөз айту – жоқтан барды құрастыру, тыңдаушының құлағына әйтеуір бір жағымды сөз тауып айту емес, тыңдаушының тағатсыздана тосқан асыл арманына сәйкес, діттеген ойына сай, мақсат-мүддесін дәл тауып, тап басатын, көңілін көтеріп, сезімін сергітетін, құпия сырдың кілтін тауып айта білу. Халқымызда жақсы сөз естісек, «*аузыңа – май, астыңа – тай!*» деп жатуы тегін емес. Бұл ретте *мақал-мәтел* – көркем сөз өнерінің көрнекті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші, *асыл сөз* – көненің көзіндей сирек айтылатын, ащы да болса шынайы шындықты баяндайтын, мағына-мәні терең, ақыл-парасатпен өрілген өнегелі сөз, *билер сөзі* – қуатты да қанатты, ақыл да нақыл сөздер, *нақыл сөз* – өнеге, өсиет ретінде айтылатын аталы сөз, *шешендік сөз* – ділмәр адамдардың әр кезде түрлі жағдаяттарға байланысты тауып айтқан, нысанасына да дөп тиіп жататын ұтымды, өткір, ақылды да ғибратты өсиет сөздері, *аталы сөз* – түркі әлемінде «мақал-мәтел» мағынасында ең алғаш қолданылған және халық даналығының қорлана қалыптасуына ұйытқы болған байырғы атаулар. «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» деуіміз тегін болмаса керек-ті. Ал *қанатты сөз* – қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи жағдайларға байланысты айтылған және сол сәтте жұртшылық құлақтанып, қарапайым халық арасына тез тарап, елдің рухын көтеріп, патриоттық сезімін оятатын ұтымды да әсерлі қалыптағы жалынды сөздер, *өсиет сөз* – өмірде көп жасап, көпті көрген, алған тәлімі мен тәжірибесі, тағылымы мол қазыналы қарттардың кейінгі жас ұрпаққа арнап айтқан мәнді де мағыналы ақыл-кеңестері, *көсем сөз* – ойшыл да дана, білгір де білікті, парасатты да ақылман адамдардың, сөз бастаған шешендер мен топ бастаған көсемдердің дуалы аузынан туындап, қалың жұртшылық арасына кең тарап, санасына сіңіп жиі айтылып жүретін ақыл-нақыл, бағдарлы да мақсатты ой түйіндері, *тәмсіл* – мақалға да, мәтелге де жақын әрі ұқсас, бірақ екеуінен де өзіндік айырмашылығы бар кіші жанрға тән тұрақты тіркестердің бірі. Қысқасы, бұлар – халық даналығының алтын қоры, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Ал осыншама халықтық құндылықтың асып-төгіліп жатқан мол мұрасын сол қалпында жер-жаһанға паш етіп тұрған ана тіліміздің құдіретті күші мен сөз байлығы, көркем де бейнелі өрнегі. Демек, халық даналығының ұйытқысы – оның тілінде, сөздің құдіретті күшінде [1, б. 15-23].

Ал шешендік, шешендік сөз, шешендіктану дегеніміз не? Біздіңше, *шешендік* – сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылысының оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері. Бұл ретте ол барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған ілім саласы деуге әбден сыйымды. *Шешендік сөз* – қоғам мен оны басқару туралы ілім. *Шешендік* – көшбасшылық негізі. *Шешендік сөз дегеніміз* – белгілі бір мәселені ауызша талқылау, белгілі бір ойдың ақиқаттылығын түсіндіру де. *Шешендік өнер* – ауызша түрдегі әдеби шығармашылық та. *Шешендіктің мәні* тек шешендерде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты. *Шешендік сөздің* әкесі – шешен, анасы – аудитория, тек аудитория ғана



калыпқа келтіріп, жан бітірмек. Сондай-ақ, *шешендік өнер* – көрген-білгенді көкейге тоқып кеп үйренуді тілейтін, үнемі айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы қол жететін өнер. *Шешендік өнер* – қай заманда, қандай қоғамда болса да, қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер. *Шешендік сөз* – халық даналығы, ақыл-ойдың құймасы, әдеби тілдің бастауы. *Дәстүрлі шешендік сөздер* – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. *Шешендік сөз* – оқыс айтылған ойларға қисынды әрі жедел жауап қайтару. Көп ойлану, найқалу шешендікке жараспайды. *Шешендік сөз* суырып салма ақындықпен де туыстас. Десек те, жалпы *шешендік өнер* тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет те. Әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере аларын да жоққа шығармалық [2; 3; 5; 6].

Ғұламаларға сүйене ой түйер болсақ, Платон пікірінше, *шешендік* – сендірудің шебері, оның бар мәні де, міндеті де осында. Ал Аристотель риторика міндетіне сендіру емес, әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу енетіндігін айтады. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің пайымдауынша, егер де диалектика тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, риторика шешендік қисынға, ой-пікір жүйелігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді. Ахмет Байтұрсынұлының түйіндеуінше, *шешен сөз мақсаты* – негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру. М.Сперанскийше, шешендіктің негізі құштарлықта, сезімділік мәнісінде. *Шешендіктің басты қағидалары* – жүрекке әсер етіп, ақылды бағындыру. Ф.Честерфильдше, шешендіктің түп мақсаты – адамдарды иландыру [4, б. 7-15].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Көшбасшылыққа тән қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу – бүгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді көшбасшы ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де. Халқымыздың сөйлеу өнеріне қай кезеңде де ерекше мән бергені аян. Ал қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті көшбасшы тұлғаларға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қайта оралған «тиімді коммуникация жағдайы мен формасының құралы» шешендіктану (риторика) ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен көшбасшы шешен тұлғаларды баулу, қалыптастыру мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс. Ал әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрін, әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда, белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ. Ал қазақтың от ауызды орақ тілді көшбасшы шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріштеп, оның тереңдігіне, тұңғыығына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының көшбасшы жас атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық бір қыры – сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңғартуы, сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр ісі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуы. Демек, дауыс үнділігі – сөйлеушінің сан қырлы қалтарысты иірімдерін танытатын басты құрал да. Шаршы топ алды қарсыласынан сескенгендер ол құралды орынды қолдана да алмайды, дірілдеп, жарқыншақталып шыққан дауысыңнан сенің кім екенің де танылмақ. Мысалы, халық шежіресінде Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтажыға айтқан сөзінің аса байсалдылықпен айтылатынын, әр сөздің үні сазды шығатынын, онда асып-сасудың, мүдірудің жоқтығын білеміз. Бұл байсалдылықпен, қоңыр үнділікпен, ешбір кідіріссіз



екпіндете шыққан дауысынан жауы оның психологиясын біліп отыратындығын байқаймыз. Онда Қазыбектің ерлігі, қайсарлығы сезілумен қатар, достық құшағы да ұғынылады. Шешен сөзі қарсыласының жан жүйесін босатып тастайды, абдыратып жібереді, бірақ өзі ықшам, белі бекем буылған, өлісерге баруға бел байланған, серттен ауытқу сезілмейді, қарсыласын ойынан жаңылыстырып, құмықтырып тастайтыны аңғарылады. Мәселен, Абылайдың заманында қалмақ пен қазақтың арасындағы жауынгершілік кезінде қалмақтың Қонтажы ханы қалың қолмен келіп, бейбіт жатқан қазақ елінің бір шетін шауып әкетіпті. Қоралы қой, үйірлі жылқыға қосып, «күл етемін» деп ұл әкетіпті, «күң етемін» деп қыз әкетіпті. «Сөз бермейтін шешенмін, жол бермейтін көсеммін, қол бастаған батырмын, мың кісіге татырмын» деп, кеудесін қағатын Қонтажы емес пе. Қонтажы алдына жауласқан елдің адамы барса, теп-тегіс бауыздап, аттарын жылқысына қостыра салады екен. Сол Қонтажыға «мен барайын» дегендерден 100 кісі елші болып барғалы жатады. Ол кезде Қазыбек тайға мініп жүретін 15 жасар бала екен. Көзкөрім жерге дейін елшілерді шығарып салып, бір дөңнің басына келгенде Абылай жұрттың бәріне қарата былай депті:

- Батыр болып қол бастау, көсем болып ел бастау оңай емес. Осының бәрінен де ел тағдырын шешерлік сөз бастау оңай емес. «Жауластырмақ жаушыдан, елдестіркем елшіден». Ел тағдыры қылыштың жүзімен де, шешеннің сөзімен де шешілетін кез болады. Айтылған сөз атылған оқпен тең, оны қайтып ала алмайсың, байқап сөйлеңдер. Дәлдеп атып жауды өлтіруге де болады, дәлдеп айтып көндіруге де болады. Қонтажыға құлақкесті құл емес екендігімізді естеріңнен шығармаңдар. Жау алдында жасық елдің адамына ұқсамаңдар. Тауындағы түлкіні бабындағы тазы алар. Тозғындаған аққуды шалғындаған қаз алар. Бірліктерің берік болсын. Үлкендеріңді кішің сыйлаңдар. Орынды жерінде кішіні де тыңдаңдар. Басшыларың Тайкелтір би болсын, атышыларың мына тайлы бала болсын. Атышдан бастап басшыға дейін ел намысы үшін бара жатқан елші екендеріңді естеріңнен шығармаңдар. Қонтажы икемге келетін болса, асықпассыңдар, егер икемге келмесе, қар суы кеппей келетін болыңдар. Ал, жолдарың болсын, барыңдар, - деп Абылай дөң басында тұрып қалыпты. Елшілер Қонтажының елі қайдасың деп жүріп кетіпті.

Өз кезеңінде елшілер ханның ордасына келеді. Айдаболдың Тайкелтірі майдалап сөйлейтін бақпа адам екен. Салған жерден ақтарылмай, ханның көмейін байқайын деген оймен:

- Өгізді өлеңге, өрлікті төменге байлап, алдыңызға келіп отырмыз, алдияр! – деп, сөзді ханға тастапты.

Тайкелтірдің бірден кішірейе сөйлеуі, ханның мерейін өсіре, қаһарлана түсуіне жол ашады. Өзінен әлсізді оп-оңай ауызына қағып салып, жаман үйренген тәкаппар шіркін, жантайып жатқан қалпында:

- Кешке дейін бір жауап берермін, жауап бермесем, ат-көліктерің аманында елдеріңе қайта берерсіңдер, - деп, қолын есікке қарай бір сілтейді де, сөзді келтесінен кесіп жібереді. Кесіліп қалған сөзді іле жалғай алмай, Тайкелтір кідіріп қалғандай болады. Сол кезде, босағада отырған бала орнынан атып тұрып:

- Ел ебелек емес, ер көбелек емес, тақсыр! Дат! - депті. Хан көзінің астымен сүзе қарап:

- Сен кім едің? - дегенде, бала кідірместен:

- Менің халқым - қазақ, руым - Қаракесек, әкем - Келдібек, атым - Қазыбек. Елде жүргенде балалардың басшысы едім, қазір ағаларымның атшысымын. Ат бәйгесіне бірінші рет қосылып тұрмын, - депті.

- Даттыңды айт! - деп, хан сұқ қолымен өзінің алдын нұсқапты. Бала адымдап басып, ханның алдына барыпты да, оның көзінен көзін айырмастан тұрып, мынаны айтқан екен:

Қазақ деген мал баққан елміз,

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт қаппасын деп,



*Жерімізді жау баспасын деп,
Найзамызға үкі таққан елміз.
Жау аяғына басылмаған елміз,
Ешбір дұшпан басынбаған елміз.
Адал көңілімізді жасырмаған елміз,
Басымыздан намыс асырмаған елміз.
Атаның өсиеті балаға,
Баланың айтатын анты анаға:
-Арымнан жаным садаға!
Ерлеріміздің анты осындай,
Еліміздің салты осындай,
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Еңкейді деп шалқая берме,
Асқақтаған хандардың
Ордасын таптай білген елміз.
Анадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Енеден қыз туса, күң боламын деп тумайды.
Ұл мен қыз сенің тұтқыныңда отырса,
Оларды азат етпей еліміз тынбайды.
Қатты болсаң темір шығарсың,
Сен темір де, мен көмір
Еріткелі келгенмін.
Сен көкте ұшқан құс болсаң,
Мен іліп түсер сұңқармын.
Сен жерде жортқан аң болсаң,
Мен қуып жетер тұлпармын.
(Бала сөйлеген сайын ханның көзі бажырая түседі).
Сен қабылан болсаң, мен арыстан –
Алысқалы келгенмін.
Жау тілегенге жасын түседі,
Табысқалы келгенмін.
Елімнің шетіне ойран салған өзің,
Беретін болсаң, айыбыңды мойындап бітім бер!
Болмаса тұрысатын жеріңді айт,
Шабысқалы келгенмін! – депті.*

Хан бажырайған қалпында отырып қалып, сәлден кейін есін жиғандай тамсанады да:

- Япырмай, дауысың қаздың дауысындай екен, қазақ деген қаз дауысты болады екен.

Сенің атың қаз дауысты Қазыбек болсын. Мына қасыма отыршы, - деп, хан қағыла түсіпті. Сөйтіп, ісі әділ елдің елшілерінің сөзі қаһарлы әрі қылышынан қан тамған ханды қалбаң қақтырыпты. Қонтажы қанша бойлауық, кер аяр болғанымен лажсыз көніпті. Тұтқындарды босатып, тартып әкелген мал-мүліктерді айып-анжысымен қайтармақ болыпты. Жегенін қайта құсу ханға оңай болып па, шауып алып келген мал-мүліктерді түгелдеп жиып болғанша, көктем де келіп қалады. Елшілер де аттарына қонуға айналады. Елшілерді құрметпен аттандырып салуға көп халық жиналады. Екі елдің адамы қош айтысып, енді айырылайын деп тұрғанда, қазақтың бір жас жігіті келіп көпке арыз етеді.

- Мен жылқышы едім, жылқы бағып жүргенде Қонтажының қолы бас салды. Тұтқын етіп осында әкелді. Келген соң бір уәзір үстімдегі тонымды тартып алды. Еркіммен бермеп едім, ұрып тісімді сындырды. Жаныма балаған жалғыз атым бар еді, мына қайтып бара жатқан жылқының ішінде көрінбейді. Күрек тісім сынып, күлкім бұзылды, киімімнен



айырылып, көркім бұзылды, атымнан айырылып, ұйқым бұзылды, халайық, осыған не айтасындар? - депті әлгі жігіт.

Хан мен елшілер бетпе-бет тұр екен. "Қайтер екен, не айтысар екен" деген халық, оларды қоршай қалады. Ойда-жоқта айтылған арыз хан мен елшілерді халық алдында таразыға тағы бір тартады.

Алтын сапты болат семсерін беліне байланып, жанат ішігін үстіне киініп, қарақасқа тұлпарына мінгелі тұрған хан:

- Ат дегені сырты түк, іші боқ бір тай шығар. Тон дегені тоқтының терісі шығар, оның несін сөз етіп тұр, біткеннен кейін «қол сынса, жең ішінде, тіс сынса, ауыз ішінде» кете бермес пе? Қайта сөз қозғаудың не орны бар, - деп, теріс айналыпты.

Ханның сөзі жөн сияқты. Елшілер тағы бір тұйыққа тірелгендей болып аңира қалыпты. Сонда тайына мініп тұрған Қазыбек тебініп, ілгері шығып:

- *Қалайша тіс сынса, ауыз ішінде, қол сынса, жең ішінде кете бермек. Біз – жаманымызды жасырмайтын, жақсымызды асырмайтын елміз. Астыңдағы мінген ат, қанат емей немене, Тоқтышағым терісі, жанат емей немене, Ауыздағы отыз тіс, болат емей немене, Қанатынан айырылу, болатынан майырылу оңай емес, хан! Табысқаның рас болса, еліміздің адамын қанатынан қайырмай табыс, болатынан майырмай табыс, жанатынан айырмай табыс. Жаяу, жалаңаш жүре беретін ол - сенің құлың емес, еліміздің ерікті ұлы. Ерікті ұл көрікті болуға тиісті,* - деген екен.

Олақ ой, шолақ тілді хан көп алдында Қазыбектен оңбастай жеңіледі.

- Жанатыңа жанатым, - деп, ол үстіндегі жанатын шешеді. Қанатыңа қанатым, - деп, тұлпарын жігіттің алдына көлденең тартады. Болатыңа болатым, - деп, беліндегі семсерін береді. Жәбір көрген жігіт жанатты киіп, болатты асынып, қарақасқа тұлпарға қарғып мінеді. Елшілер шүү деп жүріп кеткенде, хан тұрған орнында тұрып қалыпты. Іргелі ел атынан айтылған сөздің атасына түсінген Қонтажы Қазыбектің билігіне қол қоймасқа шарасы қалмайды. Тілектерін орындайды. Сөйтіп, қажыры қатты қарлы сөз берілместей қамалды алып, ел-жұртының ар-намысын аяққа бастырмай, жоғары ұстатады. Біздіңше, көшбасшыға тән шешендіктің биік үлгісі осындай болса керек-ті [2].

Шешендік – Ұлы Дала елі тектілігінің айқын белгісі. Ұлт шешендігінің көшбасшылық өнегелік тағылымы тұңғық терең. Шешендік негізі – ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызуды аңғартуы; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізу, яғни, қарсыласыңды ұтымды сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілте білу оңай шаруа еместігін, сөзсіз, бұл ойлау қабілетіңе де байланыстылығын, шаршы топ сенің төкпектетіп, ешбір мүдірмей сөйлеуіңе тәнті боларын, ұшқыр ойлы қалыпта сөйлей алатын адамның қолынан кесімді істің де келері дау туғызбайтындығы; тұспалдап сөйлеуге, мегзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналып отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуі; астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдетер құбылыс екендігін аңғартуы; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуы; өзгені тындауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуі.

Зерттеу нәтижелері

Шешен сөйлеуге баулу – парыз іс. Шешен сөйлеуге баулу мәселесі машықтық бағыттың басымдылығымен ерекшеленеді. Бұл күрделі шеберлік білім мөлшерінің молдығын қажетсінуімен бірге өзіндік жеке тәжірибелер негізіндегі икем-дағдылармен де тығыз бірлікте сомдалады. Мәселен, жағада отырып суға түсушілерді бақылау арқылы суға жүзуді, малтуды үйрене алмайтынымыз сияқты, үнемі жүргізілетін тәжірибелер мен жаттығуларсыз шешендік дағдыларды бойға бойлату, денеге дарыту мүмкін емес. Дұшпандары «адуын аңға» балаған Демосфеннің өзі алғашында аузына қиыршық тас салып



сөйлеп, дауысын жүгіріп жетілдіріп, биік құз жартастарға өрмелеу үстінде өлең оқып шыңдаған. Орыс халқының риторика ілімінің іргетасын қалаушылардың бірі М.В.Ломоносовтың өзі құз басында тұрып, теңіздің асау толқындарымен жарыса өз одаларын оқып, жарыссөзде жеңіске жету жолдарына шыныққан. Қазақтың дүлдүл шешені Жиренше болса өзімен айтысатын жан жоқта басындағы бөркін қурай басына іліп қойып, сонымен таласқа түсетіндігі аңыз желісінен мәлім. Қысқасы, әркім мақсатты түрде тер төге еңбектенсе, нағыз көсілген шешен болатындығын дәлелдей білген.

Сөзді көпшілікке таратудың, жұртшылықты сендірудің немесе тәрбиелеу құралы ретінде қолданушы әрбір маман адам шешендік өнердің ғылыми негіздерімен, яғни, аудитория алдында түсінікті де ұғынықты, сенімді де иланымды қалыпта сөз сөйлей білу дағдыларын меңгере білуі тиіс. Ал шәкірт атаулыны шешен сөйлеу мәдениетіне баулу жолындағы міндеттер қатарына көпшілікпен жанды қалыпта сөйлесу шеберлігін меңгертуді; тілдік қарым-қатынас жасау адам өмірінде кім-кімге де ауадай қажеттілігіне саналы қалыпта көз жүгіртуді; шешеннің аудиториямен қарым-қатынасының күрделі үрдісін болашақ маманның көз алдына келтіру, яғни, ойша моделін жасау, осы үрдіске орай ілгеріде іс басында ұшырасар мәселелер шоғырын айқындауды; ауызша шешен сөйлеу шеберлігін өз бетімен немесе топтық сабақтар арқылы меңгерушілерге сала бойынша қажетті кешенді білім, білік және дағды жинақтауға көмектесуді қосамыз.

Риторикалық мәдениет – шешен сөйлеудің дағдысы. Сөйлеу әрекетінің табиғатын философиялық -дидактикалық тұрғыдан тану риториканы білім мен білік, дағды жинақтайтын ерекше ілім ғана емес, осының негізінде мәдениеттің тұғырлы құндылықтарына қол жеткізу арқылы риторикалық мәдениет биігіне көтерілу тұрғысында бағалауға жетелейді. Біздіңше, риториканы мәдениет саласында қарастыру риторикалық іс-әрекет мәнінің бұрын-соңды акцент берілмей, елеусіздеу қалып келген жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Риторикалық мәдениет турасында сөз қозғарда, ең алдымен, көпшілікке ежелден мәлім, бір-бірінен алуан интерпретациялық тұрғыда айырмашылығы бар «мәдениет» ұғымы туралы тоқтала кеткен жөн. Мәселен, қазіргі таңда адамзаттың мәдениетке қатынасының кең көлемде жүйесі алға тартылуда. Онда мәдениетке қатысты теологиялық көзқарастан марксистік көзқарасқа дейінгі, рационалистіктен эмотивистікке дейінгі, технологиялықтан символдыққа дейінгі, жекеліктен субстанциялыққа дейінгі, креативистіктен деструктивистікке дейінгі көзқарастар талқыға салынуда. Десек те, нәтижеде мәдениеттанушылар арасында мәдениет туралы ортақ тұжырымның жоқтығы байқалады. Бұған мәдениет турасында шамамен бір жүз елу анықтаманың тіркелуі дәлел. Сондай-ақ, мәдениет ұғымының көп мәнділігі соңғы жылдары жарық көрген мәдениеттің жалпы теориялық мәселелеріне арналған (М.Каган, Л.Коган, Б.Яросов, П.Гуревич) монографиялық зерттеулерде де атап көрсетіледі. Бұған Э.Тейлор, Э.Кассирер, М.Хайдеггер, Г.Францев, З.Файнбург, Э.Маркарян, В.Сагатовский, Н.Чавчавадзе, Л.Кертман, В.Библер, Н.Злобин, Б.Ерасов, В.Келле, М.Мамардашвили, Р.Тшуми, А.Щвейцер, И.Херман, А.Лосев, В.Краус, Л.Митрохин, В.Канке сынды зерттеушілердің тұжырымдарын қосыңыз. Мәдениет турасындағы пікірлер шоғыры алуан түйіндер жасауға жетелейді.

Мәдениет турасындағы жалпы көзқарастар бізді шешендік өнерге қатысты риторикалық мәдениет жөніндегі пайымдауға жетелейді. Риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы сөйлеу әрекетін айқындайды. Риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген адам рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек. Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бұл іспеттес рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістің өсу қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындамақ. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың



тұрмыстық құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан-дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен, адамгершілік-рухани проблемалар. Ал мұндай жағдайда риторикалық мәдениеттің қалыптасуы – біздің пайымдауымызша, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді жолдарының бірегейі.

Ал жас тұлғаның бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – жоғары оқу орындарында, білім беру ордаларында шешендіктану (риторика) ғылымын игеру арқылы. Біздіңше, шешендіктану пәнін оқытуды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық ділімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған жас тұлғалардың сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін риториканың кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындата білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, жас тұлғаның әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғышарт та. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында, ұлттық мектептерде шешендіктану пәнін оқытуда риторикалық білімнің негізі ретінде логос, пафос және этос үштік тұғырының өзара үйлесе сәйкес келу идеясы да ескерілуі тиіс. Ендеше, шешендіктану тұңғығына терең бойлау, шешендік өнерге баулу жай ғана риторикалық технологияны меңгеріп қана қою емес, сондай-ақ бұл – бізге ата-бабамыздан мұра ретінде қалдырылған жоғары адамгершілік тұрғысындағы құндылық ретіндегі ұлттық риторикалық идеалды танып-білу. Демек, шешендіктануды ұлттық риторикалық идеалдың бөлінбес бөлігі ретінде қабылдай білуіміз керек.

Қорытынды

Тақырыпқа сай шаршы топ алдында сөйлеу жастан да, жасамыстан да психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де көшбасшы сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда жас тұлғалар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушыларды қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі. Біздіңше, бұл орайдағы әрбір жас атаулыға қажетті риторикалық мәдениетті бойға жұғысты етуге септесер түйіндерді білу аса маңызды. Ол қандай түйін-тұжырымдар болмақ? *Біріншіден*, шешендік туралы әр кездегі тұжырымдардан өзіне қажеттісін ала білуі. Шешендік кісі көркі, ақылмен билеу өнері; тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы; дидактасушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый; кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу екендігін; біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұратындығын; сөз бен ойға негізделетіндігін; биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас екендігін білгені жөн. Демек, кәсіби маманға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгі жандардың, ұлағатты еңбектердің



тағылым-тәрбиесі, өзіндік дүниетанымының нәтижесі [4, б. 7-13]. *Екіншіден*, шешен табиғаты туралы айқын түсінігінің болуы. Шешен қашан да қарулы жауынгердей сақадай сай қалыпта мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрдайым жеңіске ұмтылуы; онда диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақын тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы; дәл де нақты дәлелдермен иландыра білу, тыңдаушылардың жан дүниесіне өтімді де батымды сөзбен ой сала әсер ету, сондай-ақ судьяның көзін жеткізуден гөрі, оның көңілін көтере рухтандыру маңыздырақ екенін аңғару білігінің болуы; шешеннің парызы – шындықты айту, ал ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау екендігін білуі тиіс. Демек, дарынды ділмәр шешен, біздің жағдайымызда, көшбасшы жас тұлға әр нәрсенің мән-мәйегі мен әсемдігін өзіне қайтара алады. "Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса", - дейді Шал ақын. Шынтуайтына келгенде, шешендер айтқан сөзі арқылы адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөздің қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етерін ескеру абзал. Шешенге орасан сезімталдық, құбылыс атаулыны жанды қалыпта елестете білу ауадай қажетті. Ол өз тыңдаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық ұялатқысы келсе, ең алдымен осыны өз бойынан өткізуі тиіс. Орайлы тұста М.Т.Цицерон шынайы шешеннің, тума таланттың халық өмірі мен әдет-ғұрпын, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуын баса атайды. Шешен шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенбек. Демек, ол көпшілікті сөзінің оттылығымен, жарқылымен, күшімен, көріктілігімен баурап алмақ. Сондай-ақ, шешен елге түсінікті болуы үшін, бүкпесіз ашық болғаны жөн. Ұзын сөздің қысқасы, шешен – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуші, жан сала насихаттайтын үгітші. Бұл орайда ол – элеуметтік-саяси тұлға [4; 5; 6; 9; 10]. *Үшіншіден*, шаршы топта сөз бастаудың қиындығын аңғаруы. Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін! Көшбасшы жас тұлға әр кез «Көш бастау қиын емес, қонатын жерде су бар; Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар; Шаршы топта сөз бастау қиын, шешімін таппас дау барлығын»; сөйленер сөздің «бастамасы», «ұсынбасы», «мазмұндамасы», «қыздырмасы», «қорытпасы» боларын білуі тиіс. Данышпан Абай айтпай ма, «сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны баққан жақсы» деп. Демек, өзгеге қарата сөз сөйлеу, шаршы топта сөз бастау қайдан оңай болсын. Сөз екшей білу өнері тыңдаушы қауымның жүрек лүпілі мен сана-сезімінің, өз жеке ойымыз бен сөзіміз арасында байланыс орната білу білігінен құралмақ. Бұл арада біз адамзат жүрегінің түкпірін жете түсінуіміз, тіпті оның әрбір қалтарысты иірімдерін сезіне де аңғара білуіміз керек, тек сол жағдайда ғана айтылмақ сөзіміз өзгені иландырмақ. Мәселен, тыңдаушыларымыздың орнына өзімізді қоя отырып, таңдаған формамыздың тақырыппен үйлесімділігін, көпшілікті елексітіп, еліте толғандыра аларлықтай сезім тудыратындығына көзімізді жеткізіп көрелікші. Бұл ретте мүмкіндігінше қарапайымдылық пен табиғилық қалып сақтай отырып, «түймедейді түйедей» етпеуге, мәндінің құнын түсірмеуге ұмтылған дұрыс. Таңдаған сөйлеу формамыз мейлінше айқын да жарқын болғаны, мазмұнға сәйкес келуі және құрамына тек аса қажеттілерді ғана кіріктіргені жөн. Жалпы адам нені жан-тәнімен сезінсе, ұғынса, соны ғана ол жетер жеріне жеткізіп айта алмақ. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады. Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлемек, ал адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлері анық. Белгілі ойшыл Р.Эмирсонша түйіндесек, адам модадан шығып қалмайтындай етіп сөйлеп, жазуы үшін, қашан да ақ сөйлеп, адал жазу қажет-ақ. Бұл арада атақты Аристотельдің «Платон – менің досым, алайда ақиқат орны қымбат-ақ» дейтін сөзін естен шығармау жөн. Десек те, шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Демек, әрбір көшбасшы тұлға не айтарын, қашан айтарын және қалай айтарын жете түсінуі тиіс. Бұл ретте тыңдаушылардың назарын аудару үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көңілді сергітетін қысқа да



нұсқа қайырым-шегіністердің болуы алғы межелі мақсатқа жетуге еселеп жәрдемдеспек. Алғыр шешен күні бұрын тыңдаушылардың ойлары мен көңіл-күйін өткір сезінеді. Ол аса сақтықпен сөйлейді, әбден өзіне бағындырып алған соң, олардың сезім-күйлерін билеп әкетпек. Көшбасшы тұлғаның сөйлеу стилі тартымды да отты болуы тиіс. Ол тыңдаушылардың ынтасын біржола өзіне қаратуы тиіс. Сөйлеушінің әңгімесі оқтын-оқтын шамырқанған шабытпен айтылып, қадау-қадау ой-пікірлерді жаудырып, төгіп, төпелеп жіберуі де кейде артық емес. Ендеше, шешен қырағы, байқампаз болса, аудиторияның шын-шырғасын шығармай уысында ұстары даусыз. Егер де шешен сөзі аудиторияға ғаламат әсер ететін болса, онда тыңдаушылардың көздері от шашып, жүздері гүл-гүл жайнап, ықыластанып, жұмсақ жымиып, бастарын изеп, қоштағандай, қолдағандай ым-ишараттар жасайды. Ыстық ықыласын, ізет-ниетін дауыстап та білдіреді. Сөйтіп, шешен мен аудиторияның құлшынысы бірдей оянып, оттай маздап, бір-бірін жетелеп, қоян-қолтық араласып, туысып кетпек. Қысқасы, жас көшбасшы шешен ретінде оны тыңдамау, түсінбеу, онымен келіспеу мүмкін емес болатындай тұрғыда сөйлеуі дұрыс [4; 7; 11; 12; 13; 14].

Төртіншіден, сөз сөйлеуге даярланудың қажеттігі туралы. Жастар небір өнер, не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін еместігін; кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік екендігін есте ұстағаны жөн-ақ. *Бесіншіден*, сөйлеу мәдениеті туралы ойлануы. Сократ айтады: «Сөйлеп көріңіз, мен Сіздің кім екеніңізді айтайын» деп. Демек, жас көшбасылар адамның хайуанаттан артықшылығы – тілі, ал оны орынды қолдана алмаған адамның хайуаннан бетерлігін есте ұстап, кез келген сөйленген сөз жанды құбылыс іспеттес, ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта өрілген болып келуі заңды екендігін сезінуі, жақсы сөйлеу жай ғана естіртіп жақсы ойлау екенін ескеруі ауадай қажет. *Алтыншыдан*, сөйлеушінің жылы жүзді, жылы сөзді бола білуі. Жас тұлға әр сөздің айтылуына қарай мың сан мағынасы барлығына үңілуі қажет. Себебі, ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шынында да, ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер. Бұл ретте А.П.Чеховтың «Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс» дегені бар. Сондай-ақ сөйлеушінің сөйлеу сәтіндегі жан-дүниесінің қозғалыстары дене қимылымен ұштасуы тиіс. Бұл ретте: «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз» деген Шәкәрім сөзі ой салса керек. Ал А.С.Пушкин мағынасыздықтың екі түрін атайды: бірі – сезім мен ойдың жетімсіздігінен пайда болар сөздің көптігі, екіншісі – сезім мен ой асып-төгіліп жатса да, оны жеткізер сөздің кемдігі. Сондай-ақ шешен нәзік құбылыстарды қатқыл үнмен айтса, не болмаса ыңғайсыз әңгімелерді нәзік дауыспен жеткізсе, тыңдаушысын иландыра алар ма еді. *Жетіншіден*, қысқа да нұсқа сөйлеуге төселуі, тіпті, үндемей қалудың да үлкен күш екендігін сезінуі. Ж.Баласағұни: «Көп сөйлеме, азбен келтір иінін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін» демей ме. Шын сөз қашан да – нұсқа, жақсы сөз қашан да қысқа болмақ. Көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады. Ақылы келте адамның әдетте тілі тым ұзын болады. Ойшыл адам, мүмкіндігіне қарай, көп ойды аз сөзге сыйғызуға тырысып, қысқа сөйлейді. Бүге-шүгесіне дейін түгін қалдырмай айтуға тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді. Тілінде тиегі жоқтардың бәрі бөспелер ауылынан. Ең бергісі жалған жымиып, босқа даңғырлайды. Қысқасы, «Аз сөйлер де, көп тыңдар, Хас асылдың баласы», - деп, Махамбет бабамыз айтқандай, кім-кімге де аз сөйлеп, көп тыңдаған жөн. Қашан да аз сөйлеген қателеспес, аз жеген ендікпес. Жас атаулы ең қысқа сөздің мағыналы көзқарас екендігіне назар аударуы артық болмас еді. Демек, қазақтың Қабдоловына сүйене ой түйсек, «көп біліп, деп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың». Ал Исократқа сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі – өзіңнің сөйлер нәрсеңді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жоқ



шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамақ, ендеше сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ. Өз саласының майталманы А.Ф.Кони мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсе, білгір Боуви: «Ақылды сөйлеу – қиынның қиыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қиын», - деп тұжырады. Демек, өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдарымыздың бірі Анақарыс кейінгіге тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұстау турасында ұлағат қалдырған [4; 8; 16; 17; 18; 19; 20; 21; 22].

Қысқасы, *шешендік* – ел келешегі жастардың рухын аспандатар, асқақтатар өнер. Ал Ұлы Дала елінің халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар рухын оята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қаз қалпында болмақ. Рух тұнған тұста ғана қалыптасу үстіндегі тұлғаны тұтандырар, ілгерілетер идея да күшті. Демек, бүгінде жастардың рухын еселеп жандандыра, жаңғырта түсер кешенді ойлы істер ауадай қажет. Ал ел болашағы – қазақ жастарының рухының биіктігі, жоғарылығы – Ұлт Тәуелсіздігі сақталуының бірден-бір айғағы. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, шешендік шежіре - рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – еліміздің сенімді келешегі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) / Ә.Т. Қайдар. – Алматы: «Тоганай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
- [2] Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография / А.С. Қыдыршаев. – Алматы: 2000. – 270 б.
- [3] Қыдыршаев А.С. Шешен-лектор профессиограммасы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: БҚМУ баспасы, 2004. – 56 б.
- [4] Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: 2006. – 146 б.
- [5] Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: 2017. – 364 б.
- [6] Борохов Э. Энциклопедия афоризмов / Э. Борохов. 2003. – М.: Мысль – 686 б.
- [7] Душенко К.В. Большая книга афоризмов / К.В. Душенко. – М.: Мысль 2006. – 1056 б.
- [8] Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері / Е. Шаймерденұлы. – Алматы: 2008. – 304 б.
- [9] Энциклопедия мудрости. Литературно-художественное издание. Издательство «РОССА», 2007. – 814 б.
- [10] Шедевры восточной мудрости. – М.: ООО «Дом Славянской книги», 2018. – 320 с.
- [11] Душенко К.В. Мысли, афоризмы и шутки знаменитых мужчин / К.В. Душенко. – Москва: Издательство «Э», 2016. – 688 с.
- [12] Мысли, афоризмы и шутки выдающихся женщин / Авт. – сост. К.В. Душенко, Г.П. Манчха. – 8-е изд., перераб. – Москва: Изд. «Э», 2016. – 592 с.
- [13] Афоризмы: По иностранным источникам. – М., 1985. Бальзак О. Физиология брака / О. Бальзак. – М., 1995.
- [14] Гейне Г. Мысли / Г. Гейне. – СПб., 1904.
- [15] Еврейские афоризмы. – М., 1991.
- [16] Книга для медленного чтения. 1000 высказываний 200 мыслителей / Сост. Л.Д. Соболев. – М., 1994.
- [17] Уайльд О. Афоризмы / О. Уайльд. – М., 2000.
- [18] Шоу Дж. Б. Афоризмы / Дж. Б. Шоу. – М., 2000.
- [19] Gross J. The Oxford Book of Aphorisms / J. Gross. – Oxford; New York, 1983.
- [20] Макаров Н.П. Энциклопедия ума, или Словарь избранных мыслей авторов всех времен и народов / Н.П. Макаров – М., 1998.
- [21] Хоромин Н.Я. Энциклопедия мысли / Н.Я. Хоромин. – М., 1994.
- [22] Douglas A., & Strumpf M. Best Book of Aphorisms. – New York, 1989.



REFERENCES

- [1] Khaidar, A.T. (2004). *Halykh danalygy. Khazakh makhal-matelderinin tusindirme sozdigi zhane zertteu [Folk wisdom. Explanatory dictionary and research of Kazakh proverbs]*. Almaty: «Toganai T» baspasy [in Kazakh].
- [2] Kydyrshaev, A.S. (2000). *Sheshendiktanudy okytudyn gylymi-adistemelik negizderi. Monografiya [Scientific and methodological bases of teaching oratory. Monograph]* – Almaty [in Kazakh].
- [3] Kydyrshaev, A.S. (2004). *Sheshen-lektor professiogrammasy [Orator-lecturer professional profile]*. – Uralsk: BKMU baspasy [in Kazakh].
- [4] Kydyrshaev, A.S. (2006). *Sheshendik tagylymy [Oratory lessons]*. – Uralsk [in Kazakh].
- [5] Kydyrshaev, A.S. (2017). *Sheshen soileu bilemiz be? Sheshen soileu madenietinin altyn kagidalary. [Can we speak fluently? Golden principles of oratory culture]* – Uralsk [in Kazakh].
- [6] Borohov, E. (2003). *Enciklopediya aforizmov [Encyclopedia of aphorisms]* M.: Mysli [in Russian].
- [7] Dushenko, K.V. (2006). *Bolshaya kniga aforizmov [Big Book of Aphorisms]* M.: Mysli [in Russian].
- [8] Shaimerdenuly, E. (2008). *Khazakh aforizmderi [Kazakh aphorisms]* Almaty [in Kazakh].
- [9] *Enciklopediya mudrosti [Encyclopedia of wisdom]* (2007). *Literaturno-hudozhestvennoe izdanie. Izdatelstvo «ROOSSA»* [in Russian].
- [10] *Shedevry vostochny mudrosti [Masterpieces of oriental wisdom]* (2007). –M.: OOO «Dom Slavyanskoy knigi» [in Russian].
- [11] Dushenko, K.V. (2007). *Mysli, aforizmy i shutki znamenityh muzhchin [Thoughts, aphorisms and jokes of famous men]* – Moskva: Izdatelstvo «E» [in Russian].
- [12] *Mysli, aforizmy i shutki vydayushchihsya zhenshchin [Thoughts, aphorisms and jokes of outstanding women]* /Avt. – sost. K.V. Dushenko & G.P. Manchkha (2016). – 8-e izd., pererab. – Moskva: Izd. «E» [in Russian].
- [13] *Aforizmy: Po inostrannym istochnikam [Aphorisms: According to foreign sources]* – M., (1985). Balzak O. – M., (1995). [in Russian].
- [14] Geine, G. (1904). *Mysli [Thoughts]*. – SPb [in Russian].
- [15] *Evreiskie aforizmy [Jewish aphorisms]* – M., (1991). [in Russian].
- [16] *Kniga dlya medlennogo chteniya. 1000 vyskazyvaniya 200 myslitelei [Slow reading book. 1000 sayings 200 thinkers]* / Sost. L.D. Sobolev. (1994). – M. [in Russian].
- [17] Wilde, O. (2000) *Aforizmy [Aphorisms]* – M. [in Russian].
- [18] Shaw, B. (2000) *Aforizmy [Aphorisms]* – M. [in Russian].
- [19] Gross, J. (1983) *The Oxford Book of Aphorisms*. – Oxford; New York [in English].
- [20] Makarov, N.P. (1998). *Enciklopediya uma, ili Slovar izbrannyh myslei avtorov vsekh vremen i narodov [Encyclopedia of the Mind, or Dictionary of Selected Thoughts of Authors of All Times and Nations]* – M. [in Russian].
- [21] Horomin, N.Y. (1994). *Enciklopediya mysli [Encyclopedia of thought]* – M. [in Russian].
- [22] Douglas, A. (1989). *Strumpf M. Best Book of Aphorisms*. – New York [in English].

Кыдыршаев А.С., Ажигалиев М.К., Кажымова К.Р.,

Кыдыршаев О.А., Маликова М.М.

ТРАДИЦИЯ РЕЧИ - ОБОЛОЧКА НАЦИОНАЛЬНЫХ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация. В статье национальная ораторская традиция рассматривается через призму духовных ценностей, ораторское искусство изучается как отражение мудрости и нравственности в формате афоризмов, логических заключений и философских раздумий ораторов. Утверждается, что знание и изучение наследия ораторов, оставивших след в



казахской литературе и истории страны Великой Степи (Майқы, Кетбұға, Асан қайғы, Жиренше, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым), использование данного наследия в жизнедеятельности является необходимым условием роста для молодого лидера. Повествуется об актуальности культуры речи и понимания социальной роли ораторского искусства особенно в сегодняшних реалиях, когда родной язык имеет статус государственного. Обсуждается формирование системного понимания о прикладном предмете риторики в вузах, как средства обучения риторической культуре в качестве основного речевого навыка. Философско-дидактическое понимание природы речи подразумевает риторику как особую систему знаний, умений и навыков.

Ключевые слова: сила слова; логическое заключение; философские раздумья; афоризм; ораторское слово; крылатые слова; риторика; лидерство; риторическая культура; философия; монография; феномен; интегрированный предмет; культура речи оратора.

**Kydyrshayev Abat, Azhigaliev Marat, Kazhymova Karlygash,
Kydyrshaev Oral, Malikova Muslima**

TRADITION OF SPEECH - SHELL OF NATIONAL SPIRITUAL VALUES

Annotation. The article examines the national oratory tradition through the prism of spiritual values, oratory is studied as a reflection of wisdom and morality in the format of aphorisms, logical conclusions and philosophical reflections of orators. It is argued that knowledge and study of the heritage of speakers who left their mark in Kazakh literature and the history of the country of the Great Steppe (Maygy, Ketba, Asan Kaygy, Zhirenshe, Tule, Kazybek, AYTEKE, Syrym), the use of this heritage in life is a prerequisite for growth for a young leader ... It tells about the relevance of the culture of speech and understanding of the social role of oratory, especially in today's realities, when the native language has the status of the state language. The formation of a systemic understanding of the applied subject of rhetoric in universities as a means of teaching rhetorical culture as a basic speech skill is discussed. Philosophical and didactic understanding of the nature of speech implies rhetoric as a special system of knowledge, skills and abilities.

Keywords: the power of a word; logical conclusion; philosophical reflections; aphorism; oratorical word; winged words; rhetoric; leadership; rhetorical culture; philosophy; monograph; phenomenon; integrated subject; the culture of the speaker's speech.